

**Байғанин ауданы әкімінің 2019 жылғы 20 тамыздағы № 13 "Байғанин ауданы Жарқамыс ауылдық округінің "Қаратөбе" кен орыны аумағында объектілік ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің 2020 жылғы 25 тамыздағы № 11 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 тамызда № 7347 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің 26.08.2024 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, Байғанин ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин ауданы әкімінің 2019 жылғы 20 тамыздағы № 13 "Байғанин ауданы Жарқамыс ауылдық округінің "Қаратөбе" кен орыны аумағында объектілік ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6366 болып тіркелген, 2019 жылғы 22 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің орыс тіліндегі тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Об объявлении чрезвычайной ситуации природного и техногенного характера объектового масштаба на территории месторождения "Каратөбе" Жарқамысского сельского округа Байганинского района", қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді.

2. "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Байғанин аудандық әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Байғанин ауданының әкімі*

*К. Утаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК